

"Аудан азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем туралы" қағиданы бекіту туралы

Күшін жойған

Успен аудандық әкімиятының 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 16/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 4 наурызда N 2326 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 шілдедегі N 228/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 шілдедегі N 228/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, мүгедектерді және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру бағдарламасы туралы" № 1758 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Аудан азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем туралы" қағида бекітілсін (бұдан әрі - Қағида).
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.В. Ильинаға жүктелсін.

Аудан әкімі В. Левченко

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 қ а ң т а р д а ғ ы
"Аудан а з а м а т т а р ы н ы ң ж е к е л е г е н
санаттарына ә л е у м е т т і к т ө л е м т у р а л ы"
қағиданы б е к і т у т у р а л ы " № N 1 6 / 1
қаулысымен бекітілді

Аудан азаматтарының жекелеген санаттарына арналған әлеуметтік төлемдер туралы қағидалар 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, мүгедектерді және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру бағдарламасы туралы" N

1758 қаулысына сәйкес аудан азаматтарының жекелеген санаттарына арналған әлеуметтік төлемдерді төлеудің тәртібін анықтайды.

2. Жекелеген әлеуметтік төлемге құқығы бар азаматтардың санаттары

2. Жекелеген әлеуметтік төлемдер алуға мына азаматтардың құқықтары бар:
- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары, тыл еңбеккерлері, үй-тұрмыс жағдайын жақсартуға;
 - 2) Аз қамтылған отбастары; тұрғындардың мақсатты тобына жататындар, жоғары оқу орнын (бұдан әрі - ЖОО) және орта оқу орнын (ООО) 2004 жылы бітірген жас мамандарға орналасуға және жеке ауланы дамытуға;
 - 3) Зейнетақы көлемі 6000 мың теңгеден аспайтын жалғыз басты және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер;
 - 4) Күтпеген тосын жағдайдан күн көріс қаражатынсыз қалған азаматтар;
 - 5) "Ауданның құрметі азаматы" атағы бар зейнет жасындағы азаматтар;
 - 6) туберкулез ауыруына шалдыққандар және тубвиражды балалар-тамақтануға;
 - 7) аудан тұрғындарын әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту бөлімінің зейнеткерлікке шыққан қызметкерлері-қарттар күніне;
 - 8) 2003-2004 жылдары Қазақстан Республикасының қарулы Күштері қатарында әскери қызметін өтеп келгендер;
 - 9) қайтадан тұрмысқа шықпаған ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлері, қайтыс болған ұлы Отан соғысына (бұдан әрі - ҰОС) қатысушылардың әйелдері-9 мамыр Жеңіс күніне;
 - 10) Республика және облыс алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы алатын зейнеткерлер-қарттар күніне;
 - 11) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
 - 12) отбасының кірісі бекітілген кедейлік шеңберінен аспайтын аз қамтамасыз етілген азаматтар-құжат алу үшін;
 - 13) Бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылғандар;
 - 14) отбасының кірісі бекітілген кедейлік шеңберінен аспайтын аз қамтамасыз етілген, тұрғындардың мақсатты тобына жататын азаматтар-емделу үшін;
 - 15) жұмыссыз азаматтар санынан қайтыс болғандар отбасына - жерлеу үшін;
 - 16) 2003-2004 жылдары квотамен келген оралмандарға көмір алу үшін;
 - 17) қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге үлкен үлес қосқан алғашқы тың игеруші-зейнеткерлердің көтерудің 50 жылдығын мерекелеуге;
 - 18) Ауғаныстанда интернационалдық борышын атқарғандар мен

мүгедектер-Ауғаныстаннан кеңес әскерінің шығарылуының 15 жылдығы құрметіне ;

19) үйден оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балалар.

3. Әлеуметтік төлемді тағайындау тәртібі

3. Осы Қағиданың 1 тармағында көрсетілген азаматтардың санаттарына әлеуметтік төлемдер мынадай жолдармен 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19) тармақшаларында көрсетілген санаттағыларға тағайындалады .

4. Әлеуметтік төлемге құқы барларға тағайындалады: 1) 2) 3) 4) 5) 6) 7) 8) 9) 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) тармақшаларында көрсетілген әлеуметтік төлем алуға құқы бар санаттағылар 258015000 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша аудан азаматтарының жекелеген санаттарына арналған әлеуметтік төлемдерді төлеу" бюджеттік бағдарламасына және тұрғындарды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту, еңбек проблемалары бойынша үйлестіру Кеңесінің өтініш иесі құжаттарының толық пакетін қараған соң қабылдаған шешіміне сәйкес тағайындалады;

2) 1) тармақшада көрсетілген санаттар үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі заңдық күші бар "Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, мүгедектерді және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" Жарлығына сәйкес;

3) 19) тармақшада көрсетілген санаттар үшін "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қорғау" 258016104 бюджеттік бағдарлама негізінде.

4. Әлеуметтік төлем мөлшері

5. Қағиданың 2 тармағында көрсетілген азаматтар санаттарына әлеуметтік төлем мына түрлер бойынша тағайындалады:

1) 2 тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін әрқайсысына бір жолғы 1500 теңге мөлшерінде материалдық көмек;

2) 2 тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - жеке аула шаруашылығын дамытуға 50 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі - АЕК) дейін материалдық көмек ;

3) 2 тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін көмір сатып алуға ақшалай 2 АЕК мөлшерінде материалдық көмек;

4) 2 тармақтың 4)тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай бір жолғы ақшалай төлем;

5) 2 тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 8 АЕК мөлшерінде бір жолғы ақшалай көмек;

6) 2 тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 2000 теңге көлемінде материалдық көмек;

7) 2 тармақтың 7), 10) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 3000 теңге көлемінде материалдық көмек;

8) 2 тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 4 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

9) 2 тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 2000 теңге көлемінде бір жолғы материалдық көмек;

10) 2 тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 1 қыркүйекте қамқоршыларға 3000 теңге көлемінде материалдық көмек;

11) 2 тармақтың 12) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 0,5 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

12) 2 тармақтың 13) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 3 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

13) 2 тармақтың 14) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 6 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

14) 2 тармақтың 15)0 тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - жерлеуді өткізгендерге 15 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

15) 2 тармақтың 16) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 2000 теңге көлемінде материалдық көмек;

16) 2 тармақтың 17) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 3000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

17) 2 тармақтың 18) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 1000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

18) 2 тармақтың 19) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - 3950 теңге мөлшерінде ай сайынғы төлем.

5. Әлеуметтік төлемді іске асыру үшін қажетті құжаттар тізбесі

6. Қағиданың 2 тармағына көрсетілген азаматтар санаттарына әлеуметтік төлемдерді төлеу үшін төмендегі құжаттар қажет:

1) 2 тармақтың 1), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Успен филиалы ұсынған тізімге сәйкес;

2) 2 тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алушының жеке есеп шоты және салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН) көрсетілген өтініші, жеке куәліктің көшірмесі, ауылдық округ әкімі жанындағы комиссия жасаған өтініш иесі отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, ЖОО немесе ОАО бітіргені туралы дипломның

көшірмесі, жұмысқа қабылдану туралы бұйрық;

3) 2 тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Успен филиалымен келісілген зейнетақы көлемі, міндетті түрде СТН, есеп шот нөмірі, жеке куәлігі, тұратын жері көрсетілген үйден әлеуметтік көмек көрсететін бөлім ұсынған тізімге сәйкес;

4) 2 тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, өрттен немесе басқа апат салдарынан болған шығынды анықтайтын құжат немесе тұрғындарды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту, еңбек проблемасы жөніндегі үйлестіру Кеңесінің күтпеген жағдайды тану туралы шешімі;

5) 2 тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жерінен анықтама, "құрметті азамат" атағын алғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

6) 2 тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жерінен анықтама, туберкулез ауруханасынан диагнозын анықтайтын анықтама;

7) 2 тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - Успен ауданының тұрғындарды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту бөлімі ұсынған сәйкес;

8) 2 тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жерінен анықтама, аудандық әскери комиссариаттан 2003-2004 жылдары әскери борышын атқарғанын растайтын анықтама;

9) 2 тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жерінен анықтама, қамқоршылық және қорғаншылық бекітілгені туралы қорғаншылық Кеңесі шешімінің көшірмесі;

10) 2 тармақтың 11), 14) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, отбасының жұмыс істейтін мүшелерінің кірісі туралы анықтама, жұмыспен қамту бөлімінің отбасының жұмыссыз мүшелеріне берген анықтамасы, медициналық мекеменің емделу қажет екенін растайтын анықтамасы, өтініш иесінің аталған әлеуметтік төлемді сенімді адамның атына алуға берген өтініші;

11) 2 тармақтың 13) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлем алуға құқы бар адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жерінен анықтама, бас еркінен айыру мекемесінен босатылғаны туралы анықтама;

12) 2 тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - жерлеуді атқарған адамның СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жерінен анықтама, қайтыс болған адамның мәртебесін анықтайтын құжат және қайтыс болуы туралы анықтама көшірмесі;

13) 2 тармақтың 16) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - міндетті түрде жеке есеп шоты, СТН, паспорт мәліметтері көрсетілген үйден әлеуметтік көмек көрсету бөлімі ұсынған тізімге сәйкес;

14) 2 тармақтың 17) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - міндетті түрде жеке есеп шоты, СТН, паспорт мәліметтері көрсетілген Успен ауданының ауылдық округ әкімдіктері ұсынған тізімге сәйкес;

15) 2 тармақтың 18) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Успен филиалы ұсынған тізімге сәйкес;

16) 2 тармақтың 19) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - аталған әлеуметтік төлемді алуға құқы бар ата-ананың СТН және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрған жері-нен анықтама, облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің ұйғарымы, мектепте оқитыны туралы анықтама, мүгедектігі туралы дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясы анықтамасының көшірмесі.

6. Есеп жүргізу және есеп беру

7. Әлеуметтік төлем туралы мәселе шешілетін бастапқы құжаттар (хаттама, тексеру актілері, анықтамалар, тізімдер т.б.) аудандық тұрғындарды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту бөлімінде үш жыл сақталады. Әр айдың 20-сында тұрғындарды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту бөлімі аудандық қаржы бөліміне бюджеттік бағдарлама бойынша әлеуметтік төлемді қамтамсыз ету үшін қажетті қаражат туралы өтінімдер ұсынады.

8. Бөлім аудандық қаржы бөлім алдында әлеуметтік төлемге арналған қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.